


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТИ

«КЕЛІСЕМІН»

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар
жөніндегі проректор

 Снасапова Г.Ж.
« 31 » 8 2023 ж



СТУДЕНТТІК ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

ҚЫЗЫЛОРДА 2023

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТІК ҮКІМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Студенттік үкімет «Болашақ» университетінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын, мерекелік және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастырушы сонымен қатар, жүзеге асырушы бөлімше болып табылады.

1.2 Студенттік үкімет университет құрылымдарымен бірлесіп жұмыс атқарады, қоғамдық ұйымдар және бірлестіктермен, басқа оқу орындары орындарымен, мемлекеттік органдармен қатар, қалалық, облыстық басқармалармен байланыс орнатады.

1.3 Студенттермен тығыз қарым-қатынас орната отырып, мәселелерін шешуге ықпал жасайды. Атап айтқанда, студенттердің сабақтардан тыс бос уақыттарын тиімді және қызықты өткізуді ұйымдастыру, қабілетті, өнерлі жастарды қолдап, одан әрі шыңдауға ықпал жасау, жатақхана тұрғындарының ағымдық жағдайларынан хабардар болу, сабақ үлгерімі орташа және сабаққа құлшынысы төмен білім алушылармен жұмыс жасау, 1 курс студенттеріне жоғарғы курстар тарапынан болатын қысымның алдын-алу, жастарды шыңдап, қалалық, облыстық ашық бәсекелерде үздіктер қатарынан көрінуіне көмек көрсету болып табылады.

2. Мақсаты және міндеттері

2.1 Негізгі мақсаттары:

- Студенттердің көшбасшы топтарының басқарушылық қабілеттерін дамыту.
- Студенттің тұлғасын қалыптастыру, оның ішкі әлеуметтік дамыту, қоршаған ортаға деген мейірімділікке тәрбиелеу;
- Студенттердің студенттік өзін-өзі басқару (студенттік жиналыстарға) жұмысына қатысуы, университеттегі студенттік өмір мәселелері бойынша бірлесіп шешім қабылдау;
- Студенттік контингент арасынан көшбасшыларды анықтау;

2.2 Негізгі міндеттері:

- Жастар саясатын уақытында жүзеге асыру бойынша шаралар әзірлеу;
- Университетте, кафедраларда, оқу топтарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға және жетілдіруге қатысу;
- Азаматтық ұстаным қалыптастыру, саяси институттармен өзара әрекет етуді қамтамасыз ету, жастардың әлеуметтік белсенділігін дамыту;
- Интеллектуалды және шығармашылық әлеуметті дамыту, оқу, ғылыми және көркем қызметте студенттік жастардың өзін-өзі жетілдіруіне көмектесу;

- Жастар саясатын жүзеге асыру мәселелері, жастар мәселелерін уақытылы шешу бойынша университеттің, қоғамдық ұйымдарының қызметін үйлестіру;
- Университеттің жастар мәселелерінің тәжірибелі және өзекті шешілуіне қатысты мәселелер жөніндегі жастар ұйымдарымен, жоғарғы инстанциялармен өзара әрекет ету.

3. Студенттік үкіметтің құрылымы және басқару жолдары.

- 3.1. Студенттік үкіметі төраға басқарады.
- 3.2. Төраға Студенттік істер және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор ұсынысы арқылы ректор бұйрығымен тағайындалады.
- 3.3. Оқу жылының басында Студенттік үкіметтің бір оқу жылына жасалған жоспары жасалады.
- 3.4. Студенттік үкімет құрамына жоғарғы мектеп студенттер кеңесінің төрағалары мен мүшелері, ұйымдар және түрлі деңгейдегі клубтар, үйірмелер енеді.
- 3.5. Студенттік үкімет мүшелерінің мәжілістері төраға арқылы шақырылып отырады.
- 3.6. Мәжілісте барлық шешім мүшелердің дауыс беруімен анықталады.
- 3.7. Студенттік үкімет тарату мәжілісте барлығы қарсы дауыс бергенде ғана жүзеге асырылады.
- 3.8. Төраға міндеттер:
 - студенттік үкімет жұмысымен барлық қабылданған шешімдерді ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау;
 - ұйымдастырылған жұмыстар бойынша есеп беру (іс-шаралар бойынша, қаржылық, жылдық және т.б)
- 3.9. Төраға өз қызметінен университет әкімшілігіне проректор келісім берген ұсыныс арқылы бұйрықпен жүзеге асады.
- 3.10. Студенттік үкімет ережеге сәйкес жұмыстарды толық атқарады.
- 3.11. Студенттік үкімет құрылымы:
 - Үкімет ішінен студенттердің әр салаға қызығушылықтары бойынша келесідей ұйымдар мен қозғалыстар құрылды:

- **«Мейірім» еріктілер клубы.** Мақсаты: студенттердің бойына имандылық құндылықтарын сіңіре отырып, үлкенге құрмет, кішіге ізет, мұқтаж жанға көмек қолын созуға ықпал жасау. «Жетімін жылатпаған» ата бабаларымыздың ізгі дәстүрін одан әрі насихаттау. Тағдырдың жазуымен қартайған шақта жалғыз қалған үлкен кісілерге көмек көрсете отырып көңілін аулау. Түрлі психикалық, психологиялық дерті бар бүлдіршіндермен жұмыс жасау, қорғансыз жеткіншектердің маңдайынан сыйпап, үлкен өмірге кадам басуларына, үлкен азамат болып қалыптасуларына қолдан келгенше жағдай жасау.

- **«Болашақ TV» телевизиялық жобасы.** Мақсаты: университет қабырғасынан түлеп ұшқан аға буын өкілдерін, ел танитын, құрметтейтін,

түрлі жетістіктерге өз күшімен жете білген тұлғаларды оқу орнымыздың жастарына таныстыру. Түрлі қызықты бағдарламалар мен жобалар ұйымдастыру арқылы студент-жастардың теле камера алдында сөйлеу мәдениетіне, өзін-өзі ұстауына ықпал қосу. Университеттің сыртқы қоғаммен байланыстырар, оқу орнының жетістіктері мен артықшылықтарын қоғам назарына жеткізуші ақпарат айнасы.

- **«Кәсіби бағдар беру» ұйымы.** Мақсаты: университет пен мектептер арасында алтын көпір орнату. Университетті жан-жақты таныстыра отырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін оқушыларға жеткізу. Мектеп оқушылары арасында түрлі байқаулар мен жобалар ұйымдастырып, өнерлеріне қолдау білдіріп, университетке қызығушылықтарын ояту. Жас буын санасына оң көзқарас қалыптастыруға жұмыс жасау.

Мәдениет және өнер фракциясы. Мақсаты: студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; рухани мәдениетті қалыптастыра отырып, өз халқының тарихи және мәдени мұрасын қалыптастыру.

- **«Жігер» спорт үйірмесі.** Мақсаты: спорттық іс-шараларды ұйымдастыру. Спортшыларды және құрама командаларды дайындау; спорт секцияларын құру; спортқа бейім студенттерді анықтап, қала, институтішілік жарыстарға (волейбол, баскетбол, футбол, шахмат, тоғызқұмалақ, стол теннисі) дайындау.

- **«Болашақ» пікірсайыс клубы.** Мақсаты: жастардың азаматтық көзқарасын, интеллектуалды өсуіне жағдай жасап, пікір-сайыс турнирлерін ұйымдастыруға көмектесу.

- **«Болашақ start-up» бизнес-инкубаторы.** Мақсаты: студенттер арасында кәсіпкерлікті дамыту және бизнес идеяларын қолдау.

- **«Жас ақын» үйірмесі.** Мақсаты: әдеби шығармашылыққа (әдеби-музыкалық қойылым, айтыс, мұшайра) бейім студенттерді біріктіріп, ізденістеріне жол ашуға бағыт-бағдар беруге қажетті орта қалыптастыру. Осы бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру.

- **«Жербез» хореографиялық ансамблі.** Мақсаты: заманауи би түрлерімен қоса шығармашылық жолға қадам басқан студенттерді заманауи би түрлеріне баулу, қалалық, республикалық жарыстарға дайындау.

- **«IT BRAIN» үйірмесі.** Мақсаты: Студенттердің жаңа технологияларға қызығушылықтарын арттыру және АКТ өз бетімен пайдалана білу.

Студенттік үкімет төрағасы
Әбушәкім Нұрмақсат Ғалымжанұлы
Фис-22 оқу тобының студенті
Тел: 8 747 363 37 03